

Валентин Иванович ДВУРЕЧЕНСКИЙ 1936 жылы 7 қаңтарда туды. Мектепті аяқтағаннан кейін Тамбов облысы Козлов қаласындағы И.В.Мичурин атындағы Жеміс-көкөніс институтына түсіп, 1962 жылы «ғалым – агроном» мамандығы бойынша тәмамдады.

Еңбек жолын 1962 жылы Семиозер ауданының «Раздольный» совхозында бас агроном болып бастады. 1967-1970 жылдар аралығында Науырзым ауданының «Буревестник» совхозында бас агроном болып істейді. 1970-1973 жылдар аралығында – Жітіқара ауданы «Шевченковский» совхозының директоры. 1981 жылға дейін Қостанай облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы бастығының бірінші орынбасары, бастығы болып қызмет атқарды. 1982 жылдан бастап Урицкий аудандық комитеттің бірінші хатшысы, Қостанай партия обкомының екінші хатшысы. 1989 жылы Қазақстан Компартиясының ОК хатшысы болып сайланды. 1990-1992 жылдар аралығында Қазақ КСР Ауыл шаруашылығының министрі. 1992 жылдан бастап Заречное ауылындағы «Костанайское» ҒӨБ басқарды, ол «ҚазАгроИнновация» АҚ «Ауыл шаруашылығының Солтүстік-Батыс ғылыми-өндірістік орталығы» болып қайта құрылды, осы орталықты қазіргі кезде де басқарып келеді.



В.И. Двуреченский – экономика ғылымдарының кандидаты, Қазақ ұлттық аграрлық университетінің профессоры, Қазақстан Республикасына еңбегі сіңген агроном, Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясының, Евразияның Халықаралық ғылым Академиясының Құрметті мүшесі, Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы Академиясының мүше-корреспонденті, Ресей ауыл шаруашылығы академиясының СБ Құрметті докторы.

В.И. Двуреченскийдің маңызды ғылыми жетістігі ретінде егін шаруашылығын бүтін сақтайтын жүйені құрып, енгізуін ерекше атап өту керек. Ол қазіргі уақытта 3 млн.га астам аумаққа енгізілген. Аталмыш ғылыми жұмысының шеңберінде 4 патент алды. 2011 жылы «Жылдың өнертапқышы» номинациясында «Шапағат-2011» VII республикалық конкурсының дипломымен марапатталды. В.И. Двуреченский аграрлық ғылым саласында ең үздік ғылыми зерттеулері үшін екі рет А.И.Бараев атындағы сыйлыққа ие болды.

В.И.Двуреченский –Қазақстан Республикасы аграрлық ғылымының және өндірісінің өзекті мәселелері бойынша отандық және шетелдік ғылыми баспалардағы 180-нен астам ғылыми басылымдарының авторы. Оның қатысуымен дәнді-дақылдар мен май дақылдарын өндеу бойынша 30-дан астам кітапша шығарылды. Ауыл шаруашылығы техникасының үлгілері мен жұмыс органдары құрылды және шетел зауыттарымен бірлесіп, оларды қолданысқа шығарды.

2011 жылы В.И.Двуреченскийге Қазақстан Республикасының экономикалық дамуына, өндірістік қызметке қосқан орасан зор үлесі үшін Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Жарлығымен «Қазақстанның Еңбек Ері» атағы берілді.

В.И. Двуреченский үш мәрте «КСРО халық шаруашылығын дамытуда жеткен жетістігі үшін» Алтын медалімен, үш Еңбек Қызыл ту орденімен, Ленин, «Құрмет белгісі», «Отан», «Парасат» ордендерімен, көптеген медальдармен марапатталды. «Қазақ КСР еңбегі сіңген агрономы» атағының, «Ауыл шаруашылығы саласының үздігі» төсбелгісінің иегері.

В.И. Двуреченскийге Қостанай облыстық мәслихатының 2014 жылғы 15 тамыздағы № 320 шешімімен «Қостанай облысының құрметті азаматы» деген атақ берілді.

ДВУРЕЧЕНСКИЙ Валентин Иванович родился 7 января 1936 года. По окончании школы поступил в Плодоовощной институт им. И.В.Мичурина в г. Козлове Тамбовской области, который закончил в 1962 году по специальности «ученый агроном».

Трудовую деятельность начал в 1962 году главным агрономом совхоза «Раздольный» Семиозерного района. Затем с 1967 по 1970 годы работал главным агрономом совхоза «Буревестник» Наурызумского района. С 1970 по 1973 годы – директор совхоза «Шевченковский» Джетыгаринского района. Затем до 1981 года работал первым заместителем начальника, начальником Кустанайского областного управления сельского хозяйства. Начиная с 1982 года – первый секретарь Урицкого райкома партии, второй секретарь Костанайского обкома партии. В 1989 году избран секретарем ЦК Компартии Казахстана. С 1990 по 1992 годы – министр сельского хозяйства Казахской ССР. С 1992 года возглавил НПО «Костанайское» в с. Заречное, впоследствии реорганизованное в «Северо-Западный научно-производственный центр сельского хозяйства» АО «КазАгроИнновация», которое возглавляет и по настоящее время.

Двуреченский В.И. - кандидат экономических наук, профессор Казахского национального аграрного университета, заслуженный агроном Республики Казахстан, Почетный член Национальной Академии наук Республики Казахстан, академик Международной экономической академии Евразии, член-корреспондент Академии сельскохозяйственных наук Республики Казахстан, Почетный доктор СО Россельхозакадемии.

Наиболее значимым научным достижением Двуреченского В.И. является создание и внедрение системы целостного берегающего земледелия, которая в данное время внедрена на площади более 3 млн.га. В рамках этой научной работы им получены 4 патента. В 2011 году награжден дипломом VII республиканского конкурса «Шапағат-2011» в номинации «Изобретатель года». Двуреченскому В.И. дважды присуждена премия им. А.И.Бараева за лучшие научные исследования в области аграрной науки.

Двуреченский В.И. - автор более 180 научных публикаций в отечественных и зарубежных научных изданиях по актуальным вопросам аграрной науки и производства Республики Казахстан. При его участии выпущено более 30 брошюр по возделыванию зерновых и масличных культур. Им созданы и запатентованы образцы и рабочие органы сельскохозяйственной техники и совместно с зарубежными заводами налажен их выпуск.

В 2011 году Двуреченскому В.И. за выдающиеся достижения в экономическом развитии Республики Казахстан, производственной деятельности Указом Президента Республики Казахстан Н.А.Назарбаева присвоено звание «Қазақстанның Еңбек Ері».

Двуреченский В.И. трижды награжден Золотой медалью «За достигнутые успехи в развитии народного хозяйства СССР», тремя орденами Трудового Красного знамени, орденами Ленина, «Знак Почета», «Отан», «Парасат», множеством медалей. Имеет звание «Заслуженный агроном Казахской ССР», нагрудный знак «Ауыл шаруашылығы саласының үздігі».

Решением Костанайского областного маслихата № 320 от 15 августа 2014 года Двуреченскому В.И. присвоено звание «Почетный гражданин Костанайской области».